

Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 04 мамырдағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 25 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 тамызда № 3938 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жылыой аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2017 жылғы 10 шілдедегі № 121 ұсынысына сәйкес ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 04 мамырдағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3857 тіркелген, 2017 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қара Арна ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

С. Сеңгірбай